

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 10 қаңтардағы N 2-ө Өкімі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2005 жылғы 11-14 қаңтарда Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Ресей Федерациясының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т е р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Ресей Федерациясы Президентінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып шығуын;

Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласының әкімі Ресей Федерациясының Президенті құрметіне Алматы қаласында қабылдау ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әкімдері Ресей Федерациясының делегациясын қарсы алу және шығарып салу, Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайларында Ресей Федерациясының Президентін қарсы алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 0 қ а ң т а р д а ғ ы
N 2-ө өкіміне қосымша

Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Ресей Федерациясы ресми делегациясының мүшелерін (1+10) Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларында қонақ үйлеріне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету, сонымен қатар бірге жүретін адамдарды орналастыруға және оларға көліктік қызмет көрсетуге жәрдем көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Ресей Федерациясы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Ресей Федерациясының ресми делегациясын Астана (баратын жағдайда) және Алматы қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың атынан Ресей Федерациясының Президенті В. Путиннің құрметіне Алматы қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК